

ЖШС«Кенесары 07» “Балбөбек” балабақшасында 2025–2026 оқу жылындағы дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның ұйымдастырылуы анықтама

2025–2026 оқу жылында ЖШС«Кенесары 07» «Балбөбек» балабақшасында тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, жан-жақты дамуын қолдауға және жеке қабілеттерін ашуға бағытталған қауіпсіз, қолайлы әрі дамытушы заттық-кеңістіктік орта жүйелі түрде ұйымдастырылды. Дамытушы орта балалардың жас ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып құрылып, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталды.

Балабақшада балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 3 топ жұмыс істейді. Әр топта мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай білім беру ортасы қалыптастырылып, тәрбиеленушілердің еркін әрекет етуіне, таңдау жасауына және өз бастамаларын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жағдай жасалған.

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта келесі орталықтарды қамтиды:

- сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
- шығармашылық орталық;
- кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
- математика және логика орталығы;
- зерттеу және тәжірибе жасау орталығы;
- ұлттық тәрбие бұрышы;
- құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
- тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы.

Сюжеттік-рөлдік ойындар барысында балалар әртүрлі мамандықтар мен әлеуметтік рөлдерді меңгеріп, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Шығармашылық орталықта сурет салу, жапсыру, мүсіндеу және құрастыру жұмыстарын орындау арқылы қиялы мен шығармашылық ойлауы қалыптасады. Кітап және сөйлеуді дамыту бұрышында көркем

Менгерушісі